

Хаттама №2

Қазан айы

Қатысқаны:2

Қатыспағаны:0

Күн тәртібі:

- 1.Балалардың МДҰ-да қауіпсіздігі мен жайлылығын құру туралы есеп (меңгеруші)
2. Дамытушы ортаны құруға ұсынымдардың орындалуы (Әдіскер)
3. Циклограмманың «Ұйымдастырылған іс-әрекет» бөлімін құрастыруда ұсынымдар (Әдіскер)

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында іс-әрекеттерді циклограмма енгізу.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды:

Балалардың мектепке дейінгі ұйымда (МДҰ) қауіпсіздігі мен жайлылығын құру туралы есеп бойынша Қауіпсіздік шаралары- МДҰ-да қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бірқатар іс-шаралар өткізілгенін, Балаларға арналған арнайы қауіпсіздік ережелері мен нұсқаулықтар әзірленгенін, Ғимарат ішіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары қатаң сақталуда екендігін, Жабдықтар мен жиһаздар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес орналастырылып, олардың жарақат алу қаупін төмендету мақсатында жаңартылды-деді. Жайлылықты қамтамасыз ету бойынша Балалардың демалу және ойнау аймақтары қолайлы етіп жасақталғанын, Бөлмелердегі температуралық режим реттеліп, желдету жүйесі оңтайландырылғандығы, Санитарлық-гигиеналық талаптар толық орындалып жатқандығы туралы айтылды. Педагогтар мен қызметкерлер арасында қауіпсіздік бойынша үнемі оқыту жүргізіліп тұратындығын айтты. Сонымен қатар медбикеге Балалардың денсаулығын қадағалау үшін медициналық тексерулер тұрақты түрде өткізіліп тұруды, Аурудың алдын алу мақсатында арнайы санитарлық-гигиеналық шаралар жүргізіліп отыруын қадағаланатыны туралы айтты.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері тыңдалды:

Дамытушы ортаны құруға ұсынымдардың орындалуы:

Әдіскер Балалардың зияткерлік және физикалық дамуына бағытталған жаңа оқу құралдары мен ойыншықтар сатып алынғандығын, Оқу және ойын алаңдары қайта жабдықталып, балалардың қызығушылығын оятатын дамытушы материалдармен толықтырылды деді. Ерекше білім беру

қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер үшін арнайы материалдар мен құрылғылар қосымша жеткізілгендігін, оқу және ойын материалдарын қауіпсіз түрде орналастыруға ерекше мән беріліп отырғанын айтты. Барлық құралдар мен жабдықтар санитарлық стандарттарға сай, жүйелі түрде дезинфекция жасалып отыр деді. Ойын алаңы бойынша - Ауладағы ойын алаңдары қайта жабдықтылып, балалардың физикалық белсенділігін арттыру үшін түрлі құрылғылар орнатылғанын айтты. Бұл қауіпсіздік талаптарына сай жасалып, балалардың ойнау кезінде жарақат алу қаупі барынша азайтылды деді. Ғимараттағы барлық электр жабдықтары, терезелер мен есіктер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тексеруден өткендігін айтты.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері тыңдалды:

Әдіскерлер ұсыныстары бойынша циклограммада әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет қауіпсіздік талаптарына сай жасалыну қажет екендігі,. Әр іс-шараның мақсаты балалардың қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған болу қажет екендігі ескертіліп айтылды. Педагогикалық тәсілдер бойынша ,Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы дифференциалды тәсілдер қолданылып, оларды оқыту мен дамыту іс-шараларына толыққанды қатысуы қамтамасыз етілу қажеттігі айтылды. Тәрбие процесіндегі өзгерістер бойынша Әдіскердің нұсқаулары бойынша педагогикалық процестерде балалардың қауіпсіздік туралы білімдерін арттыруға бағытталған тақырыптық іс-әрекеттер енгізіліп , барлық іс-әрекеттер кіріктірілген күйінде көрсетілу қажет екендігі айтылды. Сонымен қатар жоспар бойынша режимдік сәтке біртұтас бағдарламасы аясында құрылған тақырыптар көрініс табу қадеттігі айтылды. Біртұтас бағдарламасы аясындағы жоспарға сәйкес тақырыптар балалардың жас ерекшелігіне қарай і топтың деңгейіне қарай ұйымдастырыу қажет екендігі ескертіліп айтылды.Бағдарлама бойынша іс-әрекеттер перспективалық жоспарға жазылмайтындығын, себебі біртұтас бағдарламада МДҰ бағдарламасы ескерілгендігі айтылды.

Қаулы:

1. Балалардың мдұ-да қауіпсіздігі мен жайлылығын үнемі қадағалап отыру.
2. дамытушы орта материалдарының саны көбейтілсін.
- 3.Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы жоспар іс-әрекеті режимдік сіттерде көрініс тапсын.

Жиналыс төрайымы:

Есеналиева А

Хатшы:

Есеналиева А